



ХҒТАР 16.21.33

Ғылыми мақала

А.Д. Безаубекова^{1*} , С.Ф. Қанапина² , К.Қ. Есіркепова³ 

А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
(E-mail: ¹ adaeva1981@mail.ru*)

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ «ҚАРА» ТҮСТІҢ ТАНЫМДЫҚ, СИМВОЛДЫҚ МӘНІ

Аңдатпа. Түр-түс әлемі айрықша сипатқа, ерекше рәміздік мағынаға ие халық мәдениетін танытатын бір негіз. Яғни, мәдениеттегі рең-өрнек арқылы жұрт өзіндік көркемдік көзқарасын, сезімдік жағдайын, ізгілік ұғымдарын жеткізген. Ал жаратылыста, адамзат қауымында өзге рең-өрнектер секілді «қара» түстің де сан алуан ауыспалы, шартты, бейнелі мәндері бар. Бұл тек қазақ тілінде ғана емес, барша түркі әлеміне ортақ құбылыс.

Мақалада қаламгер Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» туындысындағы «қара» түстің символдық мәнде берілу тәсілдері мен қолдану шеберлігі сараланады. Жазушының сөзді символдық мағынада пайдалануы арқылы шығарманың бейнелілік сипатын күшейтуі, сондай-ақ автордың дүниетанымы, мәдениеті мен көркемдік әлемі айқындалады. Танымдық әрекетінің нәтижесі ретінде кейіпкерлердің тілдік болмысы мен олардың лингвокогнитивтік деңгейі талданады. Сонымен қатар, шығармада «қара» сөзі тіркескен ұғымына байланысты әртүрлі мағынада көрініс табатыны анықталады: бірде қайғы, қаза, өлім, зұлымдық, арамдықтың нышаны ретінде, енді бірде қасиеттілік, киелілік, қарапайымдылықтың белгісі ретінде көрінеді. «Қара» түстің этнолингвистикалық ерекшеліктерін жан-жақты зерттей отырып, оның қазақ тіліндегі ең жиі қолданылатын, мағыналық ауқымы кең, семантикалық қырлары мол атаулардың бірі екені дәлелденеді. Сондай-ақ, жазушы шығармасында «қасиетті», «киелі» мәнде қолданылған «қара» түс атауларының молынан кездесетіні байқалады.

Түйін сөздер: дүниетаным, қара шаңырақ, қара нан, қара суық, қара көже, символ.

Түсті: 19.09.2025; Жөнделді: 10.12.2025; Мақұлданды: 23.12.2025; Онлайн қолжетімді: 29.12.2025

Кіріспе

Тілдік бірліктердің мағыналық жүйесінде түстердің орны ерекше. Түстік атаулар – этностың дүниетанымын, мәдени кодын, мифологиялық түсініктерін, бағалауыштық бағдарын, ұлттық ойлау ерекшелігін танытатын күрделі лингвомәдени феномен. Қазақ тіліндегі түстік жүйеде «қара» сөзі семантикалық және символдық тұрғыдан аса кең өрісті құрайды. Оның мағынасы тек ахроматикалық реңкті білдірумен шектелмей, халықтық танымда қалыптасқан мифопоэтикалық, философиялық және эмоционалды-коннотативтік қабаттарды да қамтиды.

Көркем мәтінде «қара» түсі жиі қолданылып, авторлық дүниетанымды, кейіпкер психологиясын, сюжеттік-образдық өрісті кеңейтетін көркемдік-стилистикалық құрал қызметін атқарады. «Қара» түс бірде қараңғылық пен мұңды меңзесе, бірде қасиеттілік пен беріктіктің белгісі ретінде көрінеді. Бұл ерекшелік қазақ эстетикалық санасындағы бинарлық оппозициялардың (ақ-қара, жарық-қараңғы, жақсылық-жамандық) философиялық мәнін айқындайды.

Бұл зерттеудің өзектілігі – түр-түс атаулары, соның ішінде «қара» түстің семантикалық, символдық және этнолингвистикалық сипатын зерттеу – қазақ тіл біліміндегі маңызды бағыттардың бірі. Өйткені түстер жүйесі халықтың дүниетанымын, мәдени-рухани болмысын, тарихи тәжірибесін, тұрмыс-салт ерекшелігін танытатын лингвомәдени код болып табылады. Қазақ халқының тілдік санасында «қара» түс жаратылыстық реңк атауы ретінде ғана емес, күрделі концептілік бірлік ретінде көрініс тауып, қайғы-қасірет, өлім, түнек секілді жағымсыз мәндерді де, сонымен қатар қасиеттілік, киелілік, қарапайымдылық сияқты позитивті ұғымдарды да білдіреді. Бұл құбылыстың көркем әдебиеттегі көрінісін анықтау ұлттық мәдениеттің тілдік көрінісін танып-білу үшін өзекті. Осы тұрғыдан алғанда, Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романындағы «қара» түстің символдық қызметін талдау – жазушының көркемдік әлемін, ұлттық дүниетанымның тілдегі бейнеленуін айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» шығармасындағы «қара» түстің символдық, концептілік және этнолингвистикалық мәнін анықтау, оның көркем мәтіндегі қызметін, семантикалық өрісін және кейіпкерлер болмысын танытудағы рөлін ғылыми тұрғыдан сипаттау.

Зерттеудің нысаны – Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» шығармасындағы «қара» түстің қолданысы, оның символдық-мағыналық қырлары мен стильдік қызметі.

Түстік атауларды зерттеу түркологияда, жалпы тіл білімінде және лингвомәдениеттануда кең ауқымда қарастырылып келеді. Атап айтқанда: Ө.Қайдар, Е.Жанпейісов, Р.Сыздық еңбектерінде қазақ дүниетанымындағы түстердің мәдени-танымдық сипаты айқындалған. Ж.Манкеева, Г.Смағұлова зерттеулерінде түстік атаулардың коннотативтік өрісі, лингвомәдени мазмұны талданады. Әлемдік лингвистикада Ю.Степанов, А.Вежбицкая, У.Эко еңбектері түстердің семиотикалық табиғатын сипаттайды. Мифологиялық көзқарастұрғысынан көне дәуірдегі қара түс – «жер астының», «түн әлемінің», «қуат пен тұрақтылықтың» символы ретінде қарастырылады (М.Элиаде, Л.Леви-Брюль).

Қазақ фольклоры мен поэзиясында «қара» түстің символдық қолданысы ерекше кең: «қара бұлт», «қара жол», «қара орман», «қара жер», «қара шаңырақ», «қара қазан» сияқты тұрақты тіркестерде этностың әлеуметтік құрылымы, танымдық моделі, ұлттық философиясы көрініс табады

Зерттеу әдістері

Зерттеуде «қара» түсінің концептуалдық мазмұнын, ассоциациялық өрісін, мәдени кодтарын анықтауда когнитивтік талдау әдісі қолданылды. «Қара» атауының ұлттық мәдениеттегі символдық мәнін зерттеуде лингвомәдени талдау әдісі қолданылды. Мағыналық қабаттарды, коннотацияларды, контекстік реңктерді айқындауда семантикалық талдау әдісі қолданылды. Қазақ прозасы мен поэзиясындағы «қара» түсінің көркемдік қызметін көрсетуде көркем мәтінді талдау әдісі қолданылды. «Қара» түсінің әлемдік түстік символикадағы орны мен қазақ мәдениетіндегі ерекшелігін салыстыруда салыстырмалы-типологиялық әдіс қолданылды.

Талқылаулар мен нәтижелер

Ғалым Б.Қасым «қара» түске байланысты мынадай толыққанды тұжырым жасаған: «Қара сөзінің архисемасына зер салсақ, көне түркі тілінің өзінде бірнеше мағынасы болған. Ал монғол тіліндегі хар сөзі қазақ тілінде қара, өзінің мағыналық жағынан үйлесіп, сәйкес келеді. Көне түркі тілінде де, монғол тілінде де және басқа түркі халықтарының тілінде негізгі мағынасы мен кейінгі мағыналық дамуы бірдей деуге болады. Барлық тілде де жалаң, күрделі түрде де қолданылған. Көне жазба ескерткіштегі: 1. қара (түс); 2. түнек (жарық жоқ); 3. ауыс. Бақытсыздық, сәтсіздік, қайғылы; 4. ауыс. Жамандық, қара көңіл; 5. ауыс. Күнделікті, жай» (Қасым, 2001).

Этнограф-ғалым Ә. Марғұлан түстердің таңбалық-мағыналық ерекшеліктері жайында былай дейді: «Ақ түс – ақиқаттың, шаттықтың, бақ-берекенің, сары – зерденің, қызыл – жалынның, күн нұрының, көк – аспан әлемінің, көкке табынудың белгісі, қара – жер-ананың, жасыл – көктем мезгілінің, жастықтың нышаны» - деп атап көрсетеді (Марғұлан, 1986).

Ал зерттеуші Р.Т. Лауланбекова өзінің «Түр-түс компонентті күрделі аталымдардың танымдық сипаты» атты кандидаттық еңбегінде түстердің мазмұны мен таңбалық қызметтерін айқындап, жүйелейді. Оның еңбегінде «ақ» түсімен тіркесетін сөздер киелі ұғымдардың символдық бейнесін құрайтыны сөз болады. Ал «қара» сөзі тіркескен ұғымына қарай әртүрлі мағынада көрініс табады: бірде қаза, қайғы, өлім, жамандық, арамдықтың белгісі ретінде, енді бірде киелілік, қасиеттілік, қарапайымдылықтың нышаны ретінде танылады (Лауланбекова, 2010).

Ғалым Н.Н. Аитова түр-түс атауларының когнитивтік семантикасын зерттеген кандидаттық диссертациясында олардың символикалық табиғаты туралы былай дейді: «Символдардың басты бір қасиеті, өзге таңбалардан ерекшелігі – оның идеалды нысандық мағынасында, яғни физикалық әлемде жоқ объект мәнін құрайтын семантикалық айырмашылығында. Символ осы қасиет арқасында адам қажеттіліктеріне пайдалы және құнды түсініктер бере алады. Қызыл, көк, жасыл, сары хроматты түстері негізгі алғашқы түстер, күлгін, қаракөк, қызғылт сары, қоңыр қосымша түстер деп, ал сұр, ақ, қара – ахроматты нейтрал түстер деп танылады. Мысалы: көк –символдық жағынан ұстамдылықты, тыныш теңізді, көгілдір немесе ақшыл көк – нәзіктікті, үлкен сезімді, бейбітшілікті білдіреді» (Аитова, 2005).

Сондай-ақ, «ақ» пен «қара» түстердің этнолингвистикалық болмысына терең үңілген ғалым Ұ.Б. Серікбаева былай деп жазады: «Қазақ тіліндегі «түстер әлеміне» жататын түрлі атаулардың ішінде ең негізгі, жиі кездесетін, мазмұны терең әрі кең қолданылатын түстердің қатарында «ақ» пен «қара» түс бар. Бұл түстердің этнолингвистикалық сипаты

ерекше, әрі ғылыми әрі практикалық тұрғыдан маңызды құбылыстардың бірі болып табылады» (Серікбаева, 2003).

Қара түс тек бір негізгі реңкте болғандықтан, оның мәндері -айқын. Мысалы, қызыл түстің ашық қызғылттан қою қоңырға дейінгі түрлері, реңдеріне байланысты әртүрлі символикалық ұғымдарға ие болуы мүмкін. Қара түс, керісінше, әрдайым қара болып қалады.

Зерттеуші «ақ» түсіне қатысты шамамен 20-ға жуық, ал «қара» түсіне қатысты 30-ға жуық когнитивтік мағына түрлерін анықтап, олардың ұлттық сана мен дүниетанымдағы таңбалық орнын жан-жақты саралап көрсеткен.

Қара түс тек бір негізгі реңкте болғандықтан, оның мәндері айқын келіп, әрдайым қара болып қалады.

Әлемдік мәдениеттерде қара түстің мағынасы әрқилы. Мәселен, ежелгі Египет халқы қара түсті өнімділіктің белгісі деп есептеген. Африкада қара түс кемелдену, батырлықтың символдық көрсеткіші болып табылады. Үндістанда өте жағымсыз мағынаға ие және зұлымдықпен, негативтілікпен, инерциямен және қалаусыздықпен байланысты. Дегенмен, ол адамдарды зұлымдықтан қорғау үшін де қолданылады. Мысалы, әдемі адамдарға жаман көзден сақтану үшін құлақтың астына немесе иегіне кішкене қара нүкте қою арқылы дәстүрлі үнді тәсілімен батасын алады (Reese, n.d.).

Қазақ мәдениетінде «ақ» түсіне мағыналық қарама-қарсы ретінде «қара» түс жиі қолданылады. Бұл екеуінің қатар қолданылуы олардың бинарлық қатынасын көрсетеді. Сонымен қатар, «ақ» – күн сәулесінің, нұрдың нышаны болса, «қара» – түннің, түнектің бейнесі ретінде қабылданады. Осыған сүйене отырып, мәдениеттанушы ғалымдар Ж.К. Каракузова мен М.Ш. Хасанов бұл түстерді әйелдік және еркектік бастаулармен байланыстырады. Мұндай пайымдау тіршіліктің негізі болатын жұптық үйлесімділікті бейнелейді. Жалпы, дүниеде қарама-қарсылықсыз тіршілік болмайды, ал ондай жағдайда даму да мүмкін емес. Бұл – философиялық тұрғыда дәлелденген диалектикалық заңдылық. Мұны нақтылай отырып, мынандай қарама-қарсылықтарды атауға болады: жақсылық пен жамандық, әділет пен зұлымдық, адалдық пен арамдық, пайда мен зиян және тағы басқа. Сондықтан, өмірдің шын мәні – осы қарама-қарсы ұғымдардың өзара байланысы мен күресін ұғынып, сол арқылы дамуға ұмтылу. Қазақ дүниетанымында мұндай көзқарас ақ пен қара түстер арқылы көрініс табады. Ақ түс – қуаныштың, адалдықтың, сән-салтанаттың, жақсылықтың символына айналса, қара түс – қайғы-қасіреттің, жамандықтың белгісі ретінде қарастырылады. Мысалы: «**Қара** жерге қарыз арқалама»; «**Қара** жерді жамандама – қайтіп сонда барарсың, Қауым елді жамандама – қарғысына қаларсың»; «**Қара** күн басыңа тумай **қара** су кешпе»; «Қасапшыға мал қайғы, **Қара** ешкіге жан қайғы»; «Жауды **қара** қашырды, Батыр атақ Барақта қалды»; «Өрмекшінің торы – **қара** шыбынның соры»; «Кемеңгер келістіден шығар, Қара байыр желістіден шығар»; «Кәрі атын мақтаған **қара** жаяу қалар»; «Қазанға жолама, **қарасы** жұғар, Жаманға жолама, жаласы жұғар»; «Қайғысы жоқ адамға **қара** көже балмен тең, Қайғысы көп адамға кең дүние жермен тең»; «**Қара** көзден нұр тайса, қарға адым жер мұң болар»; «Жаман адам – құлқынның **қара** қабы, Жақсы адам – адалдықтың тағы»; «Жақыныңды жаралама, Алысты **қаралама**» (Қанапина, 2010).

Символ – кез келген мәдениетке тән әмбебап құбылыс. Ол халықтың түстерге берген мағынасы мен таңбалық қызметі терең тамыр жайып, ата-бабаларымыздың мифтік түсінігімен тығыз байланысты.

Қазақ дүниетанымында «қара» түс алғашқы табиғи түсініктермен тығыз байланысты: жер, топырақ – өмірдің бастауы; түн, қараңғылық – құпия әлем; беймәлімдік, берік, тұрақты, іргелі – қара шаңырақ, қара қазан. Бұл танымдық жүйе көркем мәтіндегі символдық мәндердің қалыптасуына негіз болады.

Көркем мәтінде «қара» түс көп қабатты символикаға ие, негативті реңктер: мұң, қайғы (қара түнек, қара бұлт басты); қасірет, ауыр кезең (қаралы күн); қауіп, белгісіздік (қара көлеңке, қара жол).

Позитивті реңктер: тұрақтылық, беріктік (қара шаңырақ); қасиеттілік (қара жер, қара қазан); қарапайымдылық, халықтық сипаты (қара халық).

Мифологиялық реңктер: қара түс – күш пен қуаттың, тылсым әлемнің белгісі; «қара» сөзі батырлық эпостарда қаһармандық кеңістікті сипаттайды (қара қыпшақ, қара орман).

Көркем мәтіндегі көркемдік қызметі: атмосфера жасауға (үндестік, көңіл күй); кейіпкер психологиясын ашуға, кеңістіктің эмоциялық реңкін көрсетуге, символдық-аллегориялық образ құруға, философиялық ойды тереңдетуге қызмет етеді.

Жазушы Т. Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» шығармасында «қара» түс басқа түстерге қарағанда жиі қолданылады. Мысалы, қара аспан, қара көлеңке, қара суық, қара орман, қара нан, қаралы хабар, қара шаңырақ, қара күн, қара жер, қара толқын, қараңғы түн, қараңғы түнек секілді тіркестер шығармада әртүрлі мағынада қолданыс табады. Қаламгердің «қара» түсі көбіне көңілсіздік, тереңдік, қараңғылық және немқұрайлықты сипаттауда кеңінен қолданылады. Бұл түс атауы мен оған байланысты «қараңғы», «қараңғылық» сөздері шығарманың бүкіл бойында әртүрлі заттар мен жағдайларды сәтті бейнелеу үшін бірнеше рет қайталанып отырады.

Ә.Қайдаров, Б.Өмірбеков, З.Ахтамбердиева авторлық бірлестіктегі «Түр-түстердің тілдегі көрінісі» атты еңбегінде атап өткеніміздей «қара» түске қатысты атаудың 30 шақты мағынасы көрсетілген (Қайдаров, 1992).

Осы еңбекке сүйене отырып, шығармадағы «қара» түске қатысты атауларды мағынасына қарай бірнеше топқа бөлуге болады:

1. «Қара – көңілсіз, сүреңсіз; тұңғыық терең, қалғып мүлгіген, қараңғылық; бейғам». Мәтінде «қара» сөзі нақты «қара» түстің өзінен гөрі, көзге ештеңе көрінбейтін, қараңғылық пен бейқамдықты бейнелейтін мезгілдерді аңғартады. Бұл кезеңдер, әсіресе, барлық тіршілік иесі ұйқыға кеткен, тыныштық пен жалғыздық басым уақыттарды сипаттайды. Нәзира қан майданда болмаса да, ол жарының және орыс достарының қасында болып, соғыс кезіндегі көрген-білгендерін, бастан кешкендерін шығармада әңгімелейді. Мұндай жағдайлар қара кеш, қара көлеңке, қара тұңғыық, қараңғы түн, қара күңгірт, қараңғылық және қараңғы қуыс секілді тіркестер арқылы берілген. «Қараңғы» және «қараңғылық» сөздері, сондай-ақ «қара көлеңке» тіркесі шығармада жиі кездеседі. Анықтап айтқанда, «қараңғы» сөзі 50 рет, «қараңғылық» 7 рет, ал «қара көлеңке» 15 рет қолданылған. «Шоланнан сыртқа шығатын есікте қылаңытқан кішкене ғана саңылау бар, ал оң жақтағы төргі бөлмеге апаратын есік көрінбейді; о жақ түпсіз қараңғы. Осы қара тұңғыық арамызды қақ бөліп тұр» (Т.Ахтанов «Шырағың сөнбесін» 108 бет).

«Жасырынған үңгірім әдепкіде көрдей қараңғы еді. Әсіресе, кірер есігін бекітіп қымтап тастаған кезде, төңірегім тас қараңғы болып, көзім түк көрмей, алғаш істеген еріксіз қимылым қараңғыны қармап, екі сәбиді екі бүйіріме қысып алыппын, «Қараңғыда қабан күркірейді» демекші, өзге жұрттан бөлініп жалғыз қалған үрейімді қараңғылық қауқитып өсіре түсіп, тұла бойымды бір жаман, салқын діріл қарып өтті. Сол діріл екі сәбиге де дарыды ма, олар да балапандай қалтырап, бауырыма тығыла түседі. Солардың

кішкене денесінің дірілін сезгенде, көңілім орнына түсті. Төбе жақта қылаңытқан саңылау бар екен, кейін шойындай тұтас қараңғылық сейілейін деді» (Т.Ахтанов «Шырағың сөнбесін» 235 бет).

Қара түске қатысты танымал шетелдік ғалым В.А. Маслова мынадай тұжырым жасайды: «Этимология слова ночь, по мнению А.Е. Супруна, восходит к необходимости обозначить и противопоставить темную и светлую части суток и находит отражение в индоевропейских по происхождению терминах *dbnb - *noktb - «день» и «ночь».

М.М. Маковский соотносит этимологию слова ночь со словом «боязливый» и приводит точку зрения Мажюлиса, также соотносящего исследуемое слово с древнерусским «бояться».

А.А. Потебня в своей работе «О некоторых символах в славянской народной поэзии» считает, что ночь значит горе и гнев, подтверждая это примерами из фольклора.

Значение слова зима толкуется в Словаре древнерусского языка (XI-XIV вв.) как «холодное время года» и как «беда, несчастье, опасность». Современные словари русского языка также дают следующее толкование: зима – самое холодное время года, наступающее осенью и сменяющееся весной. Ночь – часть суток от захода до восхода солнца, от вечера до утра.

Таким образом, можно предположить что в истории развития значений данных слов произошло наложение, контаминация значений слов зима и ночь при их сочетании зимняя ночь. Следовательно, толковать последнее можно и как темная часть суток в холодное время года, и как беда, несчастье, опасность; страх; время, которого следует бояться» (Маслова, 2004). Ғалымның пікірінше қара түс кез келген мәдениетте ұқсас таным мен түсініктерді білдіреді.

2. «Қара – күшті, екпінді, тегеурінді». «Қара» сөзі шығарманың контекстінде тек табиғат құбылыстарын ғана емес, сонымен қатар адамның немесе жаудың зор күшін, қаһарлы қуатын көрсету үшін қолданылады. Бұл түс күші мен қатерлілікті бейнелейді, сондықтан жаудың шабуылы мен онымен күрес, сондай-ақ табиғаттың дүлей күштері «қара» түсімен байланыстырылады. Мәселен, қатты дауыл немесе қатерлі жаудың әрекеттері шығарманың драматизмін күшейтіп, қараңғылық пен зорлықтың әсерін тереңдетеді. «Қара» түс осындай тіркестерде қауіп-қатер мен ауыртпалықтың нышаны ретінде көрінеді. Көбіне *қара дауыл, қара жауын, қара жарқыл, қара жел* тәрізді сөздер кездеседі. «Бұғып баратқан басымды зорға көтеріп, аспанға қарап, қайтқан қаздай тізіліп келе жатқан қара сұр самолеттерді көрдім; жаңа шыққан күнге шағылып бауырлары жарқ-жұрқ етеді, алмастың жүзіндей қара жарқыл тура ажалдың өз сәулесі сияқты» (Т.Ахтанов «Шырағың сөнбесін» 45 бет).

«Кеше осылай келе жатқан сапарда менің бұл күйімді Қасымбек мықтап сезді ғой деймін. Мен өзімді бір бүйірден көргенім жоқ, айнаға да қарағаным жоқ, бірақ кескінімнің қандай болғаны көз алдыма ап-анық елестейді: сірә, қара жауынның астында қалған панасыз балапандай болсам керек» (Т.Ахтанов «Шырағың сөнбесін» 34 бет). «Жылқы кісінейді. Қара дауылда дүрліге шапқан қалың жылқының шошынып, шыңғыра кісінеген даусы келеді құлағыма» (Т.Ахтанов «Шырағың сөнбесін» 3бет).

Осы мысалдардағы сөйлемдерге қарасақ, Нәзираның түсіндегі *қара дауыл* да, өңіндегі *қара жарқыл* да, өзін балапан деп теңеген Нәзираның *қара жауыны* да сол соғыс, сол соғыстың адамдары, қарулары.

3. «Қара – 1) өлім-жітім, қайғы-қасірет, ылаң. 2) өлім-жітімге, қайғылы қазаға байланысты жамылатын, киінетін, тұтынатын азалы зат, киім». Қайғы – мұңның белгісі

ретінде пайдаланылған «қара» түс Отан соғысы жылдары пайда болған сол қара қағаз, қара хабар, қаралы үй, қаралы күн, қара жамылу тіркестері арқылы «Шырағың сөнбесін» шығармасында да қолданылған. «Света ұсталыпты» деген хабарды естігенде қатты шошып кетіп, солқылдап жылап алдым да, содан «мүмкін, ебін тауып құтылар, не құтқарар» деген алдамша үміт емеңсітіп, бірақ оған сене алмай, әрі-сәрі болып жүрдім де, қаралы хабар жеткенде, үміт үздірген аурудың үзілгеніндей, жылай алмай қалдым» (Т.Ахтанов «Шырағың сөнбесін» 357 бет).

Бұл сөйлемдегі қаралы хабар тіркесі Нәзираның жан досы Светаның қаза тапқаны туралы хабарды айтып тұр. Енді бір сөйлемдерде «қара» сын есімі кейіпкерлердің соғыс уақытында ас жағынан көрген қиыншылықтарын көрсетуде жұмсалған. Яғни олар қалған нан, суларын өздері де, балалары да тұтынбай, соңғы күндеріне дейін қалдырып, әйтеуір аш қалмаудың амалын іздеседі. «Үшеуміздің бар қорегіміз қол басындай қатып қалған қара нанды өзім де татпай, екі сәбиге де татырмай қаралы күнге сақтап отырмын, әзірге, әйтеуір, қарындары ашып қыңқылдағанда, емшек беріп қоям» (Т.Ахтанов «Шырағың сөнбесін» 354 бет). «Алда қандай уақыт бар», - деп қазақ соңғы талшығын қара күнге сақтаушы еді, бірақ менің «қара» емес күнім де шамалы» (Т.Ахтанов «Шырағың сөнбесін» 383б).

Ғалым Хинзеева Д.П. «Употребление различных цветов, цветных красок hociito осмысленныи»!, канонизированный характер. У бурят, монголов цветовая композиция строится на сочетании светлого и темного. Также большое место в материальной и духовной культуре бурят занимают «хара» черный и «сагаан» белый цвета. Именно они занимают бинарную позицию: «сагаан - хара» «белое - черное»; «муу - ьайп» «плохое - хорошее»; «уцдэр - набтар» «высокое - низкое» и т.д., в то время как остальные цвета таких оппозиций ни с каким другим цветом не образуют. «Хара» черный, «сагаан» белый, «улаан» красный - цвета первого класса; «ногоон» зеленый, «vuxs» синий, «шара» желтый, «боро» серый - цвета второго класса (Хинзеева, 2011). Байқағанымыздай бурят халқының танымы да қазақ халқымен үндес келеді.

4. «Қара – үлкен, қадірлі, қастерлі, қасиетті». «Біздің отряд» деймін, дегенде қайтейін, екі жылға жуық бірге болып осылардың ішіне әбден сіңісіп кеттім. Өліп тұрамыз, жаңарып тұрамыз, бірақ, әйтеуір, әріден келе жатқан қара шаңырақ сияқты сол отряд болып қала береді» (Т. Ахтанов «Шырағың сөнбесін» 371 бет). Біздің отряд деп Нәзира өзімен бірге тұрған күйеуін, қасындағы орыс достарын, орыс балаларын айтады. Сонда екі жылға жуық тұрған Нәзираға енді сол отрядтың өзі де, заттары да жақын, қасиетті, қастерлі болып көрінеді. Жазушы оны қасиеттіліктің, киеліліктің белгісі ретінде қара шаңырақ сияқты теңеу түрінде берген.

«Қара шаңырақ» тіркесі түркі халықтарының мәдениеті мен дүниетанымында терең мағынаға ие. Шаңырақ ұғымы атадан әкеге, әкеден кенже балаға мұра болып қалатын «үлкен үйді» білдіреді. Бұл үй отбасының береке-бірлігінің символы ретінде қабылданады, ал оның дөңгелек пішіні шексіздікті және ұрпақ жалғастығын білдіреді. Қазақ халқының танымында бұл тіркес ерекше құрметке ие, өйткені ол ата-баба дәстүрінің жалғасы мен отбасының рухани тірегін көрсетеді.

Сонымен бірге, «қара жер», «қара қазан» секілді тіркестер де «қасиетті», «киелі» ұғымдарымен байланыстырылады.

Мысалы, Т. Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романында «қара жер» тіркесі қазақ жерімен тығыз байланыста, оның қасиеттілігін және өмірдің ажырамас бөлігі екенін көрсетеді. «Қара жерден кіндігін үзбеген» деген тіркес қазақтың туған жермен байланысын, оның қадірін сипаттайды.

«Қара қазан» да қазақ мәдениетінде үлкен символикалық мәнге ие. Қара сөзінің бұл жерде «қасиетті» деген мағынаны беруі, қазанның тек тұрмыстық зат қана емес, сонымен қатар береке, байлық және бейбіт өмірдің символы екенін айқындайды. Қазанның тарихы ғұн заманынан басталады, ал қазақ қазаны сол дәуірден келе жатқан қасиетті артефакт ретінде қабылданады. Мысалы: «Қазақы жалпақ пештің от жағарына ошақ құрып, оған қара қазан орнатылған. Бірақ сол қара қазан баяғы көңірсіген иісінен айрылып, көбіне қаңырап бос тұрады, қанша қарасаң да не жылы буы, не тәтті иісі жоқ қара тастай сапсалқын. Қара қазанның тірілетіні тек кешке қарай» (Т.Ахтанов «Шырағың сөнбесін» 167 бет).

5. «Қара – жердің беті, қабаттары, топырағына қатысты ұғымдар». Бұл мағынаға мына сөйлемдер себеп болады. «Қар жауа көктемде күркіреп тасығаны болмаса, қалған уақытта бөлек-бөлек қара су боп үзіліп қалатын Ырғыз өзенінің бойындағы қыстауға келетінбіз» (Т.Ахтанов «Шырағың сөнбесін» 51 бет). «Біз сыртқа шыққанда, ернеуінде жеркепелер жыпырлаған жыра миналар шұрқ-шұрқ тескен шұңқырлардан кәдімгідей қара қотыр болып қалыпты» (Т.Ахтанов «Шырағың сөнбесін» 288 бет). Қарап отырсақ, соғыс қаруынан зардап шеккен жыралардың өзі қара қотыр болып келтірілген. Бұл да жазушының «қара» түсті қолданудағы шеберлігін көрсетеді.

Бұл мәтінде «қара» түсінің ауыспалы мағыналары көрнекі түрде бейнеленген. Қаламгер «қара» сын есімін кейіпкерлердің портреттерін жасауда шебер қолданады. Мысалы, «қара көз», «қара торы», «қара бала», «қара қоңыр шаш», «қара кісі», «қара көк», «қара сақалды», «имек қара», «дүлей қара» сияқты тіркестерді жиі кездестіруге болады. Бұл сипаттамалар арқылы жазушы кейіпкерлердің этникалық және жеке ерекшеліктерін бейнелейді.

Шығармада қазақ та, орыс та, белорус және украин кейіпкерлері де қатысқан, бұл соғыстың интернационалдық сипатын көрсетеді. Қазақ кейіпкерлердің портретінде «қара» түс негізгі рөл ойнаса, орыс кейіпкерлері көбіне «сары шашты» немесе «ақ сары» деп сипатталады. Мысалы, Нәзираның достары Света, Елизавета Сергеевна, Алевтина Павловна, Ираида Ивановна орыс ұлтының өкілдері ретінде суреттелсе, қазақ кейіпкерлері, атап айтсақ Нәзира, күйеуі Қасымбек және оның туыстары, «қара» түспен байланысты сипатталады.

«Қара көз» тіркесі әсіресе қазақ әйелдерінің сұлулығын сипаттау үшін жиі қолданылады. Бұл тіркес қазақ ұғымында сұлулық пен нәзіктік нышаны болып саналады. Сонымен қатар, «өзіміздің қара көз» деп қолданылғанда, бұл адамның қазақ ұлтының өкілі екенін білдіреді. Мысалы, Нәзираның өгей шешесінің портреті: «Өзінің кісі жек көретін де еш нәрсесі жоқ, қарапайым ғана қара торы, иегі үшкірлеу, сопақ бет келіншек. Ісік қабағының астынан жылтыраған қара көзі ылғи дымқыл тартып тұрады: жаңа ғана жылап алған, не жылайын деп тұрған адам сияқты» (Т. Ахтанов «Шырағың сөнбесін», 210-бет).

Сол сияқты, балаларды қазақ немесе орыс деп ажырату үшін «қара бала», «орыс бала» деген тіркестер қолданылады. Бұл жерде «қара» түсін қолдану кейіпкерлердің этникалық ерекшелігін көрсету үшін маңызды рөл атқарады. «Қара» түсіне қатысты осындай тіркестердің көп болуы жазушының портрет жасау шеберлігін айғақтайды.

Қорытынды

Қорытындылай келе айтарымыз, шығармада «қара» түс «ақ» түспен қосарлана келіп, істің оң-терісі, дұрысы мен қисығын айқындау үшін жұмсалады. Шығармада «ақ-қара» фразеологизм түрінде көрініс табады: *ақ-қарасын ажырату, ақ-қаралығына шек келтіру, кіммен қара болсаң, сонымен ақ бол.* Ал «алыстан бұлдырап, қарауытып көрінетін бей-

не, жанды және жансыз зат тұлғасы» деген мағынасы ретінде «қара» сын есімі қаралары көрінбеу, қарамызды ұзу, немістің қарасы, жау патрулінің қарасы, ел қарасы, жалғыз қарасы, станцияның қарасы, қарасы кішірею, қарауытқан 2-3 адам, қасымда қара бар, артынан ерген екі қара деген тіркестер арқылы шығармада қолданыс тапқанын көреміз. «Қара» түстің номинативтік мәнін де «Шырағың сөнбесін» шығармасынан біршамасын табуға болады. Қара стол, қара орамал, қара құлып, қара машина, қара май, қара күйе, қара түтін, көмірдей қара тәрізді «қараларды» да қаламгер өз мақсатында шебер пайдаланған.

Т. Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» шығармасы соғыс тақырыбына арналғандықтан, «қара» түс шығармада айрықша орын алады. Қаламгер бұл түсті кейіпкерлердің соғыс күндеріндегі бастан кешкен қиыншылықтары мен ауыртпалықтарын, сондай-ақ соғыстың басталуы мен сол кездегі оқиғаларды суреттеу үшін шебер пайдаланады. «Қара» түс арқылы кейіпкерлердің көңіл-күйі, іс-әрекеттері және болашаққа деген үміті бейнеленеді.

Шығармада «қара» түс тек номинативтік мағынасымен ғана емес, сонымен қатар ауыспалы мағынасымен де ерекшеленеді. Ол киелілік пен қасиеттіліктің, жамандық пен жауыздықтың, қайғы-қасірет пен қауіп-қатердің, үрей мен қорқыныштың символы ретінде қолданылады. Бұл түс соғыс кезіндегі қайшылықтарды, адамның ішкі жан дүниесіндегі күрес пен болашаққа деген үмітін көрсету құралына айналған.

Жазушы «қара» түсті қолдану арқылы шығарманың мазмұнын тереңдетіп, оқырманға соғыс ауыртпалығын, кейіпкерлердің ішкі драмасын жеткізеді. Бұл сөз-символ шығарманың жалпы идеялық мазмұнын ашуға көмектеседі және сол кезеңдегі қиындықтарды нақты әрі әсерлі түрде бейнелейді.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. С.Ғ.Қанапина – зерттеу тақырыбы бойынша материалдарды жинау, әдеби шолу, талдау жасау мәселелерімен айналысты; А.Д.Безаубекова – мақаланың концепциясын құру, әдіс-тәсілдерін анықтау, әдіснамалық мәселелерімен айналысты; К.Қ. Есіркепова – мақаланың мазмұнын реттеу, талдау жасау мәселелерімен айналысты.

Әдебиеттер тізімі

Аитова, Н. Н. (2005). *Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы* [Автореферат кандидатской диссертации, Алматы].

Қайдаров, Ә. (1992). *Түр-түстердің тілдегі көрінісі*. Алматы: Ана тілі.

Қанапина, С. Ғ. (2010). *Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі* (Ғ. Мұстафин, С. Мұқанов шығармалары негізінде). Қостанай: ТОО «Центрум».

Қасым, Б. Қ. (2001) *Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым*. Алматы

Лауланбекова, Р. Т. (2010). *Түр-түс компонентті күрделі аталымдардың танымдық сипаты (сын есім + зат есім бойынша)* [Автореферат кандидатской диссертации, Алматы].

Марғұлан, Ә. (1986). *Казахское народное прикладное искусство*. Алматы.

Маслова, В. А. (2004). *Когнитивная лингвистика: учебное пособие*. Минск: ТЕТРА СИ-СТЕМС.

Нұрдәулетова, Б. И., & Аймұхамбет, Ж. (2021). Прецедентті мәтіндердегі «зат-символ» мәселесі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, 137(4), 78–85. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-137-4-78-85>

Серікбаева, Ұ. Б. (2003). *Қазақ тіліндегі «ақ» және «қара» түр-түс атауларының этнолингвистикалық сипаты* [Автореферат кандидатской диссертации, Алматы].

Хинзеева, Д. П. (2011). *Цветобозначение в бурятском языке: лингвокультурологический аспект* [Автореферат кандидатской диссертации, Улан-Удэ].

Reese, S. (n.d.). *History, symbols and mythology* [Electronic resource]. <https://pietroduarte.com/kk/qara-tustin-simvoldyq-mani>

Son, Y., Yoo, J., & Lee, I. (2025). Cognitive and Structural Perspectives on a Traditional Terraced Rice Field Village: An Integrated Spatial Syntax Approach. *Land*, 14(8), 1634. <https://doi.org/10.3390/land14081634>

А.Д. Безаубекова^{1*}, С.Г. Канапина², К.К. Есиркепова³

Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынулы, Костанай, Казахстан

Познавательное, символическое значение черного цвета в художественном тексте

Аннотация. Мир цвета - это один из постаментов, представляющий национальную культуру, имеющую своеобразное символическое значение. То есть через цветовую гамму в культуре народ выражал свое эстетическое видение, эмоциональное состояние, нравственные представления. А в природе, в человеческом обществе, как и в других видах цветов, черный цвет имеет чередующиеся, условные, символические значения, которые переполнены смыслом. Это обычное явление не только в казахском языке, но и во всем тюркском мире. В статье рассматриваются способы передачи черного цвета в символическом смысле в произведении писателя Т. Ахтанова «Свет очага» и мастерство его употребления. Через использование писателем слова в символическом выражении познается мировоззрение, культура, художественный мир автора в повышении изобразительности произведения. Рассматривается языковая личность героев как результат их познавательной деятельности, ее лингвокогнитивный уровень. Вместе с тем, в произведении установлено, что слово «черный» в силу словосочетания то означает печаль, смерть, зло, порок, то указывает на святость, священность, простоту. Всесторонне рассмотрев этнолингвистический характер черного цвета, выясняется, что это одно из наиболее часто используемых названий в казахском языке, богатое смыслом, с широким спектром применения. В произведении автора было замечено большое количество названий черного цвета, используемых в значении «священное», «святое».

Ключевые слова: мировоззрение, черный Шанырақ, черный хлеб, черный холод, черный суп, символ.

A.D. Bezaubekova^{1*}, S.G. Kanapina², K.K. Esirkepova³

Kostanay Regional University named after A. Baitursynuly, Kostanay, Kazakhstan

Cognitive and symbolic meaning of the «black» color in a literary text

Abstract. The article examines the ways of transmitting the «black» color in a symbolic sense in the work of the writer T. Akhtanov, «The Light of the hearth» and the skill of its use. Through the use of the word by the writer in symbolic expression, the worldview, culture, and artistic world of the author are known in increasing the figurativeness of the work. The linguistic personality

of the characters is considered as a result of their cognitive activity, their linguistic and cognitive level. At the same time, the work establishes that the word blackness, by virtue of the phrase, means sadness, death, evil, vice, and then the word blackness indicates holiness, sacredness, and simplicity. Having comprehensively examined the ethnolinguistic character of the «black» color, it turns out that this is one of the most frequently used names in the Kazakh language, rich in meaning, with a wide range of applications. In the author's work, a large number of black names were noticed, used in the meaning of «sacred», «holy».

Keywords: worldview, black Shanyrak, black bread, black cold, black soup, symbol.

References

- Aitova, N. N. (2005). *Kazak tilindegi tur-tus ataularynyn kognitivtik semantikasy* [Cognitive semantics of color terms in the Kazakh language]. Extended abstract of a PhD dissertation, Almaty. [in Kazakh]
- Kaidarov, A. (1992). *Tur-tusterdin tildegi korinisi* [Representation of colors in language]. Almaty: Ana tili. [in Kazakh]
- Kanapina, S. G. (2010). *Kazakh tilindegi makal-matelderдин танымдық беіnelілігі (G. Mustafin, S. Muqanov shygarmalary negizinde)* [Cognitive imagery of Kazakh proverbs and sayings (based on the works of G. Mustafin and S. Muqanov)]. Kostanai: Tsentrüm LLP. [in Kazakh]
- Kasym, B.K. (2001). *Kazak tilindegi kurdeli sozder: uazhdeleme zhane atalym* [Complex words in the Kazakh language: Motivation and nomination]. Almaty.
- Laulanbekova, R. T. (2010). *Tur-tus komponentti kurdeli atalymdardyn танымдық sipaty (syn esim + zat esim boiynsha)* [Cognitive characteristics of complex nominations with color components (adjective + noun)]. Extended abstract of a PhD dissertation, Almaty. [in Kazakh]
- Margulan, A. (1986). *Kazakhskoye narodnoe prikladnoe iskusstvo* [Kazakh folk applied art]. Almaty. [in Russian]
- Maslova, V. A. (2004). *Kognitivnaya lingvistika: uchebnoe posobie* [Cognitive linguistics: A textbook]. Minsk: TETRA SYSTEMS. [in Russian]
- Nurdaulyetova, B. I., & Aimukhambet, Zh. (2021). *Pretsedentti matinderdegi “zat-simvol” maselesi* [The problem «thing is a symbol» in the precedent text]. *Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 137(4), 78–85. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-137-4-78-85> [in Kazakh]
- Serikbaeva, U. B. (2003). *Kazak tilindegi “ak” zhane “kara” tur-tus ataularynyn etnolingvistikalyk sipaty* [Ethnolinguistic characteristics of the color terms “white” and “black” in the Kazakh language]. Extended abstract of a PhD dissertation, Almaty. [in Kazakh]
- Khinzeeva, D. P. (2011). *Tsvetooboznachenie v buryatskom yazyke: lingvokulturologicheskii aspekt* [Color designation in the Buryat language] Linguocultural aspect: Extended abstract of a PhD dissertation, Ulan-Ude. [in Russian]
- Reese, S. (n.d.). *History, symbols and mythology* [Electronic resource]. <https://pietroduarte.com/kk/qara-tustin-simvoldyq-mani>
- Son, Y., Yoo, J., & Lee, I. (2025). Cognitive and structural perspectives on a traditional terraced rice field village: An integrated spatial syntax approach. *Land*, 14(8), 1634. <https://doi.org/10.3390/land14081634>

Авторлар туралы мәлімет:

Қанатина Сәуле Ғалымбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік

университеті, Қостанай, Қазақстан. E-mail: kanapina.71@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1287-4114>

Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан. E-mail: kenzhe.1810@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8139-4034>

Безаубекова Алмагүл Дәненқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан. E-mail: adaeva1981@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-0246-6629>

Кананина Сауле Галымбековна – кандидат филологических наук, и.о. ассоциированного профессора, Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, Костанай, Казахстан. E-mail: kanapina.71@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1287-4114>

Есіркепова Кенжегүл Кабылғазиновна – кандидат филологических наук, и.о. ассоциированного профессора, Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, Костанай, Казахстан. E-mail: kenzhe.1810@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8139-4034>

Безаубекова Алмагүл Даненовна – кандидат филологических наук, и.о. ассоциированного профессора, Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, Костанай, Казахстан. E-mail: adaeva1981@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-0246-6629>

Kanapina Saule Galymbekovna – Candidate of Philology, Acting Associate Professor, Kostanay Regional University named after A. Baitursynuly, Kostanay, Kazakhstan. E-mail: kanapina.71@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1287-4114>

Esirkepova Kenzhegul Kabylgazinovna – Candidate of Philology, Acting Associate Professor, Kostanay Regional University named after A. Baitursynuly, Kostanay, Kazakhstan. E-mail: kenzhe.1810@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8139-4034>

Bezaubekova Almagul Danenovna – Candidate of Philology, Acting Associate Professor, Kostanay Regional University named after A. Baitursynuly, Kostanay, Kazakhstan. E-mail: adaeva1981@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-0246-6629>



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).